

## **Балуан Шолақ атындағы мектеп – лицейінің әлеуметтік педагогтің II тоқсанда атқарған есебі**

**Әлеуметтік педагогтің қызметі:** Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау, тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау. Әлеуметтік педагогтің лауазымдық міндеттеріне білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және олардың микро орталығын, өмір сүру жағдайын зерделейді. Мүдделілігі мен қажеттілігін, даудамайлық жағдайларды, тәртібіндегі ауытқуларды анықтайды, уақытында әлеуметтік көмек көрсетеді және т.б. осы да және басқа жұмыстар бойынша әлеуметтік педагог жылдық жоспарын айқындап, құрады.

Мектебімізде 2024-2025 оқу жылының II тоқсанында жалпы саны 620 оқушы оқиды. Оның 332 ұл, 288 қыз бала. Мектепалды даярлық сыныпта 17 оқушы. Бастауыш сыныпта 259 оқушы болса, 5-11 сыныптарда 346 оқушы.

5 қараша Қамқоршылық кеңестің отырысы болды. 3 оқушы тегін тамаққа қосылды. Серікбай Арсен 6 Б, Уринбай Диас 7 А, Уринбай Диана 8 В сынып. Қазіргі уақытта 5-11 сынып 63 оқушы тегін тамақтанады.



Ай сайынғы асханадан берілетін Әлеуметтік пакетті 2 оқушы Жәнетбай Нұрасыл Исламұлы 5 Б, Серікбай Арсен 6 Б берілді.



Құқық бұзушылықтың алдын алу онкүндігі. «Бала құқығы-адам құқығы» атты тақырыбында 2024 жылғы 11 қараша мен 22 қараша аралығында өткізілетін онкүндіктің жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

11 қараша күні Ашылу салтанаты мектепшілік санға ашылуы жарияланды. "Бала құқықтары туралы конвенция" стенд жасалынды.



15 қараша күні 5 «В» сыныпта Тилей Мәдениет ағай «Бала құқығы-адам құқығы» сынып сағатын өткізді. Сынып сағатының мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

18 қараша күні 9 «В» сыныпта «Өз құқығыңды блесің бе?» тақырыбында сынып сағатын Тенсел Үміткер өткізді. Сынып сағатының мақсаты: Балалардың бойында құқықтың сауаттылықты арттыру, заңдарды түсінуге көмектесу және өз құқықтарын қорғай білуге үйрету.

18 қараша күні 7 «А» сыныпта «Бала құқығы» тақырыбында сынып сағатын Устажанова Ляззат Амантаевна өткізді. Сынып сағатының мақсаты: оқушыларды негізгі құқықтар мен бостандықтармен таныстыру, оларды өмірде қолдануға үйрету; оқушының құқықтары мен міндеттері туралы түсінік қалыптастыру.

22 қараша күні 5 «А» сыныпта Шынуар Назерке «Бала құқығы-адам құқығы» сынып сағатын өткізді. Сынып сағатының мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.




13 қараша күні Сурет көрмесін ұйымдастырылды «Кішкентай баланың үлкен құқықтары "(1-4 сынып)арасында.



14 қараша «Заң және құқық тәртібі» кітап көрмесімен Роза сармановна ұйымдастырып, оқушыларды бала құқығы туралы Конвенциямен таныстыра кетті.






15 қараша 5-7 сынып оқушылары арасында «Бала құқықтары жас суретшілер көзімен» плакатқа сурет салу ұйымдастырылды.



18 қараша Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Эссе жазуды ұйымдастырды «Біздің құқықтарымыз және біздің міндеттеріміз» (8-11 сынып) тақырыбында жазды.



19 қараша күні «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында Сауалнама Азнабаева Фаридә мен Даниял Саулегул 5 – 6 сынып оқушыларынан алды. Мақсаты: Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру.



**Балаларға сауалнама.**

1. Бала құқығы туралы қандай заңды білесің?
2. Баланың құқығын қорғайтын қандай ұйымдарды білесің?
3. Бала құқығы туралы заңдардың бірін оқып көрдіңбе?
4. Сіздің ойыңызша бала құқығына не жатады?
5. Сенің мектепте не үйлеқұқығын бұзылған күндер болдыма?
6. Бала құқығы туралы заңдарды отбасында, мектепте көшеде қолданып көрдіңізбе?



20 қараша күні Полиция учаскелік инспекторы полиция аға лейтенанты Жусупов Аслан Арыстанович 5-6 сынып оқушыларына «Қылмыс соңы-жаза» тақырыбында әңгіме өткізді.



21 қараша күні «Мен және менің құқықтарым» тақырыбында Тенсел Назгүл дебат өткізді.




22 қараша күні «Өмір сабақтары. Қыз балалардың жеке бас гигиенасы» тақырыбында 7-11 сынып қыздары қатысуымен мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Оспанова Гүлжамия Ертаевна әңгіме өткізді.





"Көпбалалы отбасылар" және "Халықтың әлеуметтік осал топтары" санаттар бойынша тегін тамактанатын 5-11 сынып оқушылары бойынша ваучерді активациялау жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда 62 оқушы тегін тамактануда. Белсенді ваучер 48 оқушыда, тағайындалмаған ваучерлер 11. Активация жасамаған 3 оқушы.

Активные ваучеры



У вас нет назначенных ваучеров

[Подробнее о ваучерах](#)

Желтоқсанның 23-24 күні Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Көкшетау қаласында жаңа жылдық бағдарлама өтті. Жаңа жылдық мерекелік шараға облыстың әр ауданынан оқушылар қатысты. Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің көпбалалы отбасынан шыққан 5 «В» сынып оқушысы Қасқырбай Беколжас қатысып келді. Оқушыларға жаңа жылдық думанда ертегілер әлеміне саяхаттап, театрландырылған көріністі тамашалады.



Макинск қаласында 2024 жылғы 27 желтоқсанда аудан әкімінің қатысуымен жаңа жылдық бағдарлама өтті. Жаңа жылдық мерекелік бағдарламаға Қамкорлыққа алынған үш оқушы қатысты (Емерхан Мақпал, Сейдәзім Муслима, Бекмырза Саяжан).



Жалпыға міндетті білім қорынан көмек алатын 1-11 сынып оқушыларына 27 желтоқсанда жаңа жылдық дорбаларды тарату жұмыстары жүргізілді. Сонымен қоса, даярлық сыныпта оқитын 17 оқушыға да жаңа жылдық дорбалар таратылды.

